

**Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 51-7 "2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 65-3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 7923 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 67-17 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 30.12.2020 № 67-17 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 64-2 "Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 50-2 "2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7888 нөмірімен тіркелді) сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 51-7 "2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6659 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 24 қаңтар жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 63 271,5 мың теңге, соның ішінде:  
салықтық түсімдер – 16 244,0 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 204,0 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 46 823,5 мың теңге;
- 2) шығындар – 71 873,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 8 602,4 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 8 602,4 мың теңге.

- қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 8 602,4 мың теңге.";
- 3 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2020 жылға арналған Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен – 30 083,5 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.";

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
Тарбағатай аудандық мәслихатының хатшысы

*С. Жакаев*

2020 жылғы 3 желтоқсаны  
№ 65-3 шешіміне  
қосымша

## 2020 жылға арналған Тұғыл ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы (мың теңге)
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		1) КІРІСТЕР:	63 271,5
1		Салықтық түсімдер	16 244,0
1	01	Табыс салығы	2 694,0
1	01	2 Жеке табыс салығы	2 694,0

1	04	Меншікке салынатын салықтар	13 550,0
1	04 1	Мүлікке салынатын салықтар	745,0
1	04 3	Жер салығы	906,0
1	04 4	Көлік құралдарына салынатын салық	11 899,0
2		Салықтық емес түсімдер	204,0
2	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	204,0
2	01 5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	204,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4		Трансферттер түсімі	46 823,5
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	46 823,5
4	02 3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	46 823,5

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Кіші функция			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		2) ШЫҒЫНДАР;	71 873,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	46 419,5
01 1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	46 419,5
01 1 124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	46 419,5
01 1 124 001		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36 379,5
01 1 124 022		Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 040,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14 752,1
07 2		Коммуналдық шаруашылық	8 650,0
07 2 124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 650,0
07 2 124 014		Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	8 650,0
07 3		Елді-мекендерді көркейту	6 102,1
07 3 124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 102,1
07 3 124 008		Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 602,1
07 3 124 009		Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500,0
07 3 124 011		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 000,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	100,0
08 1		Мәдениет саласындағы қызмет	100,0
08 1 124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100,0
08 1 124 006		Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	100,0
12		Көлік және коммуникация	6 602,0
12 1		Автомобиль көлігі	6 602,0
12 1 124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 602,0

12	1	124	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6 602,0
15				Трансферттер	4 000,3
15	1			Трансферттер	4 000,3
15	1	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 000,3
15	1	124	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4 000,3
				3) ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ:	0,0
				бюджеттік кредиттер;	0,0
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
				4) ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО:	0,0
				қаржы активтерін сатып алу;	0,0
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
				5) БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ);	-8 602,4
				6) БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ):	8 602,4
7				Қарыздар түсімі	0,0
16				Қарыздарды өтеу	0,0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	8 602,4
8	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	8 602,4
8	01	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	8 602,4